

КСРО Солтүстік Федерация Комитетінің еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және КСРО Пролетариаттық революциялық комитетінің органы

ССРС-тың Бірінші сайланған Жоғарғы

Советінің X-сессиясы

Союздық республикаларға сыртқы қатынас жөнінде өкілдік беру және сыймен байланысты Сыртқы Істер Халық Комиссариатын жалпы Союздық Комиссариаттан союздық-республикалық Халық Комиссариатына айналдыру туралы

З А Ң

Советтік Социалистік Республикалар Союзының халықаралық байланысын ұлғайту және басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын нығайту мақсатында, Союздық Республикалардың шет мемлекеттермен тікелей қатынас жасау жөнінде өскен хажетін еске алып, Советтік Социалистік Республикалар Союзының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Союздық Республикалар шет мемлекеттермен тікелей қатынас және олармен келісімдер жасай алатын болып белгіленсін.

2. ССРС Конституциясына төмендегі қосымшалар енгізілсін:

а) ССРС Конституциясының 14-статьясының „а“ пунктіне халықаралық қатынастарға Союз атынан өкіл болу, шарттар жасау, сларды бекіту“ деген сөздерден соң— „Союздық Республикалардың шет мемлекеттермен өзара қарым-қатынас жасауының жалпы тәртібін тағайындау“ деген сөздер қосылып, бұл пункт былай жазылатын болсын:

„а) Халықаралық қатынастарға Союз атынан өкіл болу, өзге мемлекеттермен шарттар жасау, сларды бекіту Союздық Республикалардың шет мемлекеттермен өзара қарым-қатынас жасауының жалпы тәртібін тағайындау;“

б) ССРС Конституциясына төмендегі мазмұнда 18-а статьясы енгізілсін:

„18-а Статясы. Әрбір Союздық Республика шет мемлекеттермен тікелей қатынас жасауға, олармен келісім жасауға, дипломатиялық және елшілік өкілдерімен ауысуға правосы.“

в) ССРС Конституциясының 60-статьясына төмендегі мазмұнда „д“ пункті енгізілсін:

„д“ Халықаралық қатынастарға Союздық Республика атынан өкіл тағайындайды.“

3. Сыртқы Істер Халық Комиссариаты жалпы Союздық Комиссариаттан союздық-республикалық Халық Комиссариатына айналдырылсын.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1944 жылғы 1 февраль.

Союздық Республикалардың әскер бөлімдерін құру және осымен байланысты Отан Қорғау Халық Комиссариатын жалпы Союздық Комиссариаттан союздық-республикалық Халық Комиссариатына айналдыру туралы

З А Ң

Советтік Социалистік Республикалар Союзының Отан Қорғау қуатын күшейту мақсатында Советтік Социалистік Республикалар Союзының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Союздық Республикалар республикалық әскер бөлімдерін ұйымдастыратын болсын.

2. ССРС Конституциясына төмендегі қосымшалар енгізілсін:

а) ССРС Конституциясының 14-статьясының „ж“ пунктіне „ССРС-тың отан қорғау ісін ұйымдастыру және ССРС-тың барлық құралды күштеріне басшы“ деген сөздер қосылып, бұл пункт былай жазылатын болсын:

„ж“ ССРС-тың отан қорғау ісін ұйымдастыру, ССРС-тың барлық құралды күштеріне басшылық ету. Союздық Республикалардың әскер бөлімдерін ұйымдастырудың жетекші негіздерін белгілеу;“

б) ССРС Конституциясына төмендегі мазмұнда 18-б статьясы қосылсын:

„18-б статьясы. Әрбір Союздық Республиканың өзіне тән республикалық әскер бөлімдері болады.“

в) ССРС Конституциясының 60-статьясына төмендегі мазмұнда „е“ пункті қосылсын:

„е) Республикалық әскер бөлімдерін құру тәртібін белгілейді.“

3. Отан Қорғау Халық Комиссариаты жалпы Союздық Комиссариаттан союздық-республикалық Халық Комиссариатына айналдырылсын.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1944 жылғы 1 февраль.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің бірінші орынбасары туралы

Советтік Социалистік Республикалар Союзының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Николай Михайлович Шверник жолдас ССРС Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің бірінші орынбасары болып сайланды.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1944 жылғы 1 февраль.

ПАТРИОТТЫҚ ІС

«Главарнолит» Харьков заводының жұмысшысы, майдандастардың әскериясы, Гончаренко жолдас өкесі М. М. Гончаренко өзінің жерлерін азат етілген Донбас атындағы самолеттер эскадрильясын құруға шақырды. Гончаренко жолдас эскадрилья құру қорына 100 мың сом қаржы тапсырды. (ТАСС).

7 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

7 февральда Сиверскийдің оңтүстік жағында әскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып алға басты, сөйтіп Натальино, Пелково, Черемна, Чолово поселкесі, Песочный Мох, Шуноголово, Моровино, Будково, Ерышево елді пункттері мен Чолово темір жол станциясын алды.

Новосokolьникийдің солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізді, бұл ұрыстардың барысында 80нен аса елді пунктті, оның ішінде Зенцово, Артимово, Фетинино, Ваши Гостилово, Семеново, Рыклино елді пункттерін алды.

Звенигородканың және Шполаңың солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізе отырып, қоршаудағы дұшпанды қыспаққа алды және Поповка, Межирнич, Большое Сатароселье, Вязовок, Кличково елді пункттерін алды.

Днепрдің ішінде әскерлеріміз Никополь ауданында дұшпанның негізгі күштерінен бөлініп қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізуде болды және ұрыс жүргізе отырып, Ново-Ивановка, Максимовский, Красно-Григорьевка, Ново-Павловка, Доззалева елді пункттерін алды. Әскерлеріміз шығыс жақтан Никополь қаласына жақын келіп, қаланың шет аймағында ұрыстар ишеленістірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді, артиллерия-миномет атысы солып тұрды және бісыра пункттерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

6 февральда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 53 танкі қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 71 самоләті атып түсірілді.

* * *

САМОЛЕТТЕРІМІЗДІң ХЕЛЬСИНКИ ҚАЛАСЫНА ЖАҢПАЙ ШАБУҢ ЖАСАУЫ

Февральдің бұдан 7не қараған түнде бомбардировщиктеріміздің ірі тобы Хельсинки қаласына жаппай шабуыл жасады. Дұшпанның Хельсинки қаласындағы соғыс-өнеркәсіп, темір жол торабы, порты және қаланың орталығы бомбаланды.

Самолеттеріміздің экипаждары бомбалау нәтижесінде 30дан аса өрт шыққандығын және оған қоса күшті взрывтар болғандығын байқады.

Газ сакталатын қойма ауданында, әскери казармаларда, электр механика завоында, вокзал ауданында станция және

басқа территориясында үлкен өрт шыққандығы байқалды. Кеме және құрғақ док қасындағы завод ауданында, автомат иен металл қорытын завод территориясында күшті взрыв болғандығы байқалды. Летчиктеріміз нысанадан 50 километр бойы ұзағанға дейін өрт жалыны көрініп тұрды.

7 февральда күнліз әуе барлауы Хельсинкиде шыққан өрт әлі сөндірілмегендігін, қал әлі өртеніп, оны түгін басқандығын анықтады.

Біздің 4 самоләтіміз өз базаларына қайтып келмеді.

* * *

Сиверский станциясының оңтүстік жағында әскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып алға басты. Бір учаскеде Н. бөлімінің жауынгерлері орай қамтып батыл маневр жасап, дұшпанды үш елді пункттен қуып шығарды. Бір батальондай гитлершілер жойылды. Жаудан 16сопемашина, 7 зеңбірек, миномет батареясы, 24 автомашина және оқ-дәрі қойылған 6 склад қолға түсірілді. Екінші бір ауданда дұшпанды оқ-дәрі қойылған позицияларын қайтаруға әрекеттеніп, қарсы атаққа шықты. Жауынгерлеріміздің бір тобы мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырып, гитлершілердің басын кетергенді, сөйтіп немістерге алға басуға мүмкіншілік бермеді. Дәл осы кезде екінші бір бөлімшеміз немістердің өкпе тұсына шықты да жауға батыл сокқы беріп, оны кері қуып тастады. Ұрыс болған жерде жаудың 300 өлігі қалды.

Авиациямыз немістердің жол бойымен келе жатқан әскерлеріне сокқы берді. Совет летчиктері күн тәулік ішінде дұшпанның бірнеше танкі мен зеңбірегін, әскерлері мінген және жүктері тиелген 200дей автомашинасын жойды, темір жол составын қыйратты, бір батальондай жау әскерлерін тозғындатып, бірсыпырасын қырды.

* * *

Новосokolьники қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері немістерге тұтқиылдан сокқы берді де оның қорғану шебін бұзып өтті. Әскерлеріміз шабуылды өрістете отырып, 80нен аса елді пунктті алды. Ұрыстардың барысында жаудың 300дай солдат мен офицері жойылды. Дұшпанның 17 зеңбірек, 15 миномет, 118 пулемет, 11 өгнемет, 8 радиостанция, түрлі 22 склад және басқа олжа қолға түсірілді. Бір елді пунктте бөлімшелеріміз немістердің артиллерия полкының штабын талқандап, жаудан 150 миллиметрлік 8 зеңбіректі және оқ-дәрі қойылған үлкен складты қолға түсірді. Дұшпанның едәуір адам қолға түсірілді.

* * *

Звенигородка және Шпола қалаларының солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізді. Н. құрамасының бөлімдері қоршауда қалған дұшпанды қыспаққа ала отырып, немістерді үш елді пункттен қуып шығарды. Бұл пункттер

үшін болған ұрыста 600 гитлершіл жойылды. Жаудан өздігінен жүреген 2 зеңбірек пен 20 дала зеңбірегі, оқ-дәрі складты және 40 автомашина қолға түсірілді. Екінші бір құрамымыздың бөлімдері Вязовок елді пункті ауданында неміс гарнизонын қоршап алып, аз уақытқа созылған ұрыс нәтижесінде оны жойды. Немістердің талқандалған гарнизонының қалған 200 солдат қолға түсірілді. Звенигородка қаласының батыс жағында дұшпанның күш алып келіп, өздерінің қоршауда қалған әскер тобына өтуге әрекеттенді. Әскерлеріміз жауға қарсы сокқы берді де гитлершілерді қуып тастады.

Ұрыс болған жерде жаудың 800дей өлігі қалды. Немістердің 32 танкі өртелді, қыйратылды. Немістер танкке қарсы атақтың 22 мылтығын, 4 тигачін, көп пулеметтері мен автоматтарын қалдырып, көр шегінді.

* * *

3-Украин майданының әскерлері шабуылды өрістетуде болды. Апостолово қаласының оңтүстік жағында Н. құрамасының бөлімдері ұрыс жүргізе отырып бірсыра елді пунктті алды. Немістердің талқандалған және тозғындалған бөлімдері техникасы мен құру-жарқтарын тастап, көбі шегінуде. Гвардецтеріміз Болшаң Костромка, Первомайск және Ново-Семеновка елді пункттерін алып, жаудан 06 автомашинаны, 2 мотоциклды, 200 атшаны, 215 пулеметті, 2 безин қоймасын, 7 бронетранспортер мен 6 складты қолға түсірді. Н. құрамасының жауынгерлері бүгін немістерден 41 зеңбіректі, 5 тигачті, 203 автомашинаны, 3 радиостанцияны және басқа олжаны қолға түсірді. Көп немістер қолға түсірілді. Никополь қаласы ауданында әскерлеріміз дұшпанның Батысқа қарай кері шегінетін жолды кесіп өтіп, жаудың қоршап алынған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізді. Немістер совет әскерлерінің алға басуы Никополь маңында тоқтауға әрекеттеніп, танктерін, өздігінен жүретін зеңбіректерін жерге көміп, оларды жылжымайтын атыс бекінісі ретінде пайдалануда. Бөлімдеріміз орай қамтып шеберлікпен маневр жасау нәтижесінде дұшпанды қоршап алуда және қатты ұрыстарда немістердің адам күші мен техникасын жоюда. Бүгін әскерлеріміз Никополь қаласына жақын келіп, қаланың шет аймағында ұрыстар ишеленістірді.

СМОЛЕНЩИНАДА МТСтардың ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУІ

Смоленскі облысының азат етілген аудандарында неміс оккупанттары қыйратқан МТСтарды қалпына келтіру жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Үстіміздегі жылы тағы да 36 МТСпен 50 мастерской қалпына келтірілімек.

Трактористер мен механиктер бар

лық құрылыс оқұмыстарын өз күштерімен атқаруда. Олар көктемгі егісте жұмыс істеуге тиісті қыйраған тракторларды осы бастап қалпына келтіріп жатыр.

(ТАСС)

Ленин туул

25-ші жыл
№ 28
(6729)
1944 жыл
Сәрсенбі
9 феврал
Бағасы
20 тыйын

КСРО Солтүстік Федерация Орталық Комитетінің өкілдері депутаттарының Облыстық Советінің және КСРО Орталық Комитетінің органы

ССРС-тың Бірінші сайланған Жоғарғы

Советінің X-сессиясы

Союздық республикаларға сыртқы қатынас жөнінде өкілдік беру және сыймен байланысты сыртқы істер Халық Комиссариатын жалпы Союздық Комиссариаттан союздық-республикалық Халық Комиссариатына айналдыру туралы

З А Ң

Советтік Социалистік Республикалар Союзының халықаралық байланысын ұлғайту және басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын нығайту мақсатында, Союздық Республикалардың шет мемлекеттермен тікелей қатынас жасау жөнінде өскен хажетін еске алып, Советтік Социалистік Республикалар Союзының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Союздық Республикалар шет мемлекеттермен тікелей қатынас және олармен келісімдер жасай алатын болып белгіленсін.

2. ССРС Конституциясына төмендегі қосымшалар енгізілсін:

а) ССРС Конституциясының 14-статьясының „а“ пунктінде халықаралық қатынастарға Союз атынан өкіл еслу, шарттар жасау, сларды бекіту“ деген сөздерден сон— „Союздық Республикалардың шет мемлекеттермен өзара қарым-қатынас жасауының жалпы тәртібін тағайындау“ деген сөздер қосылып, бұл пункт былай жазылатын болсын:

„а) Халықаралық қатынастарға Союз атынан өкіл болу, өзге мемлекеттермен шарттар жасау, сларды бекіту Союздық Республикалардың шет мемлекеттермен өзара қарым-қатынас жасауының жалпы тәртібін тағайындау;“

б) ССРС Конституциясына төмендегі мазмұнда 18-а статьясы енгізілсін:

„18-а Статиясы. Әрбір Союздық Республика шет мемлекеттермен тікелей қатынас жасауға, олармен келісім жасауға, дипломатиялық және елшілік өкілдерімен ауысуға паволы.“

в) ССРС Конституциясының 60-статьясына төмендегі мазмұнда „д“ пункті енгізілсін:

„д“ Халықаралық қатынастарға Союздық Республика атынан өкіл тағайындайды.“

3. Сыртқы Істер Халық Комиссариаты жалпы Союздық Комиссариаттан союздық-республикалық Халық Комиссариатына айналдырылсын.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1944 жылғы 1 февраль.

Союздық Республикалардың әскер бөлімдерін құру және осымен байланысты Отан Қорғау Халық Комиссариатын жалпы Союздық Комиссариаттан союздық-республикалық Халық Комиссариатына айналдыру туралы

З А Ң

Советтік Социалистік Республикалар Союзының Отан Қорғау қуатын күшейту мақсатында Советтік Социалистік Республикалар Союзының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Союздық Республикалар республикалық әскер бөлімдерін ұйымдастыратын болсын.

2. ССРС Конституциясына төмендегі қосымшалар енгізілсін:

а) ССРС Конституциясының 14-статьясының „ж“ пунктінде „ССРС-тың отан қорғау ісін ұйымдастыру және ССРС-тың барлық құралды күштеріне басшы“ деген сөздер қосылып, бұл пункт былай жазылатын болсын:

„ж“ ССРС-тың отан қорғау ісін ұйымдастыру, ССРС-тың барлық құралды күштеріне басшылық ету, Союздық Республикалардың әскер бөлімдерін ұйымдастырудың жетекші негіздерін белгілеу;“

б) ССРС Конституциясына төмендегі мазмұнда 18-б статьясы қосылсын:

„18-б статьясы. Әрбір Союздық Республиканың өзіне тән республикалық әскер бөлімдері болады.“

в) ССРС Конституциясының 60-статьясына төмендегі мазмұнда „е“ пункті қосылсын:

„е) Республикалық әскер бөлімдерін құру тәртібін белгілейді.“

3. Отан Қорғау Халық Комиссариаты жалпы Союздық Комиссариаттан союздық-республикалық Халық Комиссариатына айналдырылсын.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретары А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1944 жылғы 1 февраль.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің бірінші орынбасары туралы

Советтік Социалистік Республикалар Союзының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Николай Михайлович Шверник жоллас ССРС Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің бірінші орынбасары болып сайланды.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1944 жылғы 1 февраль.

ПАТРИОТТЫҚ ІС

«Главарнолит» Харьков заводының жұмысшысы, майдандастардың әкесі М. М. Гончаренко өзінің жердестерін азат етілген Донбас атындағы самолеттер эскадрильясын құруға шақырды. Гончаренко жолдас эскадрилья құру қорына 100 мың сом қаржы тапсырды. (ТАСС).

7 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

7 февральда Сиверскийдің оңтүстік жағында әскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып алға басты, сөйтіп Натальино, Пелково, Черемна, Чолово поселкесі, Песочный Мох, Шуноголово, Морозово, Будково, Ерышево елді пункттері мен Чолово темір жол станциясын алды.

Новосокольникийдің солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізді, бұл ұрыстардың барысында 80нен аса елді пунктті, оның ішінде Зенцово, Артемово, Фетинино, Вашки Гостилово, Семеново, Рыклино елді пункттерін алды.

Звенигородканың және Шполааның солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізе отырып, қоршаудағы дұшпанды қыспаққа алды және Половка, Межиричье, Большое Сатароселье, Вязовок, Кличково елді пункттерін алды.

Днепрдің ішінде әскерлеріміз Никополь ауданында дұшпанның негізгі күштерінен бөлініп қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізуде болды және ұрыс жүргізе отырып, Ново-Ивановка, Максимовский, Красно-Григорьевка, Ново-Павловка, Доззалева елді пункттерін алды. Әскерлеріміз шығыс жақтан Никополь қаласына жақын келіп, қаланың шет аймағында ұрыстар ишеленістірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді, артиллерия-миномет атысы солып тұрды және бірсыпыра пункттерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

6 февральда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 53 танкі қиыратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 71 самоләті атып түсірілді.

* * *

САМОЛЕТТЕРІМІЗДІҢ ХЕЛЬСИНКИ ҚАЛАСЫНА ЖАҒПАЙ ШАБУҢ ЖАСАУЫ

Февральдің бұған 7-не қараған түнде бомбардировщиктеріміздің ірі тобы Хельсинки қаласына жаппай шабуыл жасады. Дұшпанның Хельсинки қаласындағы соғыс-өнеркәсіп, темір жол торабы, порты және қаланың орталығы бомбаланды.

Самолеттеріміздің экипаждары бомбалау нәтижесінде 30дан аса өрт шыққандығын және оған қоса күшті взрывтар болғандығын байқады.

Газ сакталатын қойма ауданында, әскери казармаларда, электор механика заводында, вокзал ауданында станция және

зено территориясында үлкен өрт шыққандығы байқалды. Кеме және құрғақ док қасайтын завод ауданында, автомат ием металл қорытатын завод территориясында күшті взрыв болғандығы байқалды. Летчиктеріміз нысанадан 50 километр бойы ұзағанға дейін өрт жалыны көрініп тұрды.

7 февральда күнліз әуе барлауы Хельсинкиде шыққан өрт әлі сөндірілмегендігін, қал әлі өртеніп, оны түгін басқандығын анықтады.

Біздің 4 самолетіміз өз базаларына қайтып келмеді.

* * *

Сиверский станциясының оңтүстік жағында әскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып алға басты. Бір учаскеде Н. бөлімінің жауынгерлері орай қамтып батыл маневр жасап, дұшпанды үш елді пункттен қуып шығарды. Бір батальондай гитлершілер жойылды. Жаудан 2 160сепмашина, 7 зеңбірек, миномет батареясы, 24 автомашина және оқ-дәрі қойылған 6 склад қолға түсірілді. Екінші бір ауданда дұшпанның оқ-дәрі қойылған позицияларын қайтаруға әрекеттеніп, қарсы атаққа шықты. Жауынгерлеріміздің бір тобы мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырып, гитлершілердің басын көтергенді, сөйтіп немістерге алға басуға мүмкіншілік бермеді. Дәл осы кезде екінші бір бөліміміз немістердің өкпе тұсына шықты да жауға батыл сокқы беріп, оны кері қуып тастады. Ұрыс болған жерде жаудың 300 өлігі қалды.

Авиациямыз немістердің жол бойымен келе жатқан әскерлеріне сокқы берді. Совет летчиктері күн тәулік ішінде дұшпанның бірнеше танкі мен зеңбірегін, әскерлері мінген және жүктері тиелген 200дей автомашинасын жойды, темір жол составын қиыратты, бір батальондай жау әскерлерін тозғындатып, бірсыпырасын қирды.

* * *

Новосокольники қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері немістерге тұтқиылдан сокқы берді де оның қорғану шебін бұзып өтті. Әскерлеріміз шабуылды өрісте отырып, 80нен аса елді пунктті алды. Ұрыстардың барысында жаудың 300дай солдат мен офицері жойылды. Дұшпанның 27 зеңбірек, 15 миномет, 118 пулемет, 11 өкпемет, 8 радиостанция, түрлі 22 склад және басқа олжа қолға түсірілді. Бір елді пунктте бөліміміз немістердің артиллерия полкының штабын талқандап, жаудан 150 миллиметрлік 8 зеңбіректі және оқ-дәрі қойылған үлкен складты қолға түсірді. Дұшпанның едәуір адам қолға түсірілді.

* * *

Звенигородка және Шпола қалаларының солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізді. Н. құрамасының бөлімдері қоршауда қалған дұшпанды қыспаққа ала отырып, немістерді үш елді пункттен қуып шығарды. Бұл пункттер

үшін болған ұрыста 600 гитлершіл жойылды. Жаудан өздігінен жүреін 2 зеңбірек пен 30 олаа зеңбірегі, оқ-дәрі складты және 40 автомашина қолға түсірілді. Екінші бір құраманың бөлімдері Вязовок елді пункті ауданында неміс гарнизонын қоршап алып, аз уақытқа созылған ұрыс нәтижесінде оны жойды. Немістердің талқандалған гарнизонына қалған 200 солдат қолға түсірілді. Звенигородка қаласының батыс жағында дұшпанның күш алып келіп, өздерінің қоршауда қалған әскер тобына өтуге әрекеттенді. Әскерлеріміз жауға қарсы сокқы берді де гитлершілерді қуып тастады.

Ұрыс болған жерде жаудың 800дей өлігі қалды. Немістердің 32 танкі өртелді, қиыратылды. Немістер танкке қарсы ататын 22 мылтықты, 4 тигачин, көп пулеметтері мен автоматтарын қалдырып, көр шегінді.

* * *

3-Украин майданының әскерлері шабуылды өрістетуде болды. Апостолово қаласының оңтүстік жағында Н. құрамасының бөлімдері ұрыс жүргізе отырып бірсыпыра елді пунктті алды. Немістердің талқандалған және тозғындалған бөлімдері техникасы мен қару-жарақтарын тастап, көбі шегінуде. Гвардецтеріміз Болшево, Костромка, Первомайск және Ново-Семеновка елді пункттерін алып, жаудан 06 автомашинаны, 2 мотоциклды, 200 атшаны, 215 пулеметті, 2 бензин қоймасын, 7 бронетранспортер мен 6 складты қолға түсірді. Н. құрамасының жауынгерлері бүгін немістерден 41 зеңбіректі, 5 тигачин, 203 автомашинаны, 3 радиостанцияны және басқа олжаны қолға түсірді. Көп немістер қолға түсірілді. Никополь қаласы ауданында әскерлеріміз дұшпанның Батысқа қарай кері шегінетін жолды кесіп өтіп, жаудың қоршап алынған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізді. Немістер совет әскерлерінің алға басуы Никополь маңында тоқтатуға әрекеттеніп, танктерін, өздігінен жүретін зеңбіректерін жерге көміп, оларды жылжымайтын атыс бекінісі ретінде пайдалануда. Бөліміміз орай қамтып шеберлікпен маневр жасау нәтижесінде дұшпанды қоршап алуда және қатты ұрыстарда немістердің адам күші мен техникасын жоюда. Бүгін әскерлеріміз Никополь қаласына жақын келіп, қаланың шет аймағында ұрыстар ишеленістірді.

СМОЛЕНЩИНАДА МТСтардың ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУІ

Смоленскі облысының азат етілген аудандарында неміс оккупанттары қиыратқан МТСтарды қалпына келтіру жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Үстіміздегі жылы тағы да 36 МТСтен 50 мастерской қалпына келтірілімек.

Трактористер мен механиктер бар

лық құрылыс жұмыстарын өз күштерімен атқаруда. Олар көктемгі егісте жұмыс істеуге тиісті қиыраған тракторларды осы бастап қалпына келтіріп жатыр.

(ТАСС)

**Көктемгі егіске
үлгілі әзірленейік**

**Кұрал-саймандар
толық ремонтталды**

Көкшетау ауданындағы «Өркен» ауылшаруашылық артели (председателі Хамзин Жолдас) колхозшылары жетімпаз Қызыл Армиямыздың отан соғысы майданындағы тамаша жеңістеріне лайықты іспен жауап беруде. Колхозда көктемгі егіске керекті ауылшаруашылық құрал-саймандары мен әбзелдер түгел ремонтталды. 500 центнер тұқым тазартылып, оның шығымдылығы тексерілді.

Колхозшылар арасында социалистік жарық кеңінен өрістетілді. Осының әтижесінде стахановшылар қатары Сөбеюде, Шаяхметова және Багинова жолдастар норма бойынша күн сайын 30 центнер тұқым тазарту орнына 50 центнер тұқым тазартады, өйтіп тапсырманы әрдайым 1,5 — 2 есе орындайды. Бұлардан ұста Кеңежов жолдас та қалысқан жоқ. Ол аз уақыттың ішінде 7 соқа, 46 бонона 2 тұқым сепкіш ремонттады. Мүкашева жолдасын басқаруындағы бригада мүшелері егінің өнімділігін арттырудың басты шараларын тапқырлықпен орындауда. Қазірде 300 гектар егіс алаңына қарқынды жұмыс жүргізіледі. Бірсыпра күл, көн дайындалды.

П. ҚАСЕНОВ.

**Тұқым көп
дайындалуда**

ЧКАЛОВО. (Өз тілшімізден). Сәуле» ауылшаруашылық артелинің колхозшылары 1944 жылдың көктемгі егісін мол әрі жоғары сапалы тұқыммен қамтамасыз ету мақсатымен тұқым кую, тазарту планын толық орындады. Колхоз 10 январьға дейін 259 центнер тұқым әзірледі. Қазір тұқымның өңіштігі тексеріліп жатыр. Бұл істе комсомолқалар Айбатырова, Сәтбаева, Омарова жолдастар қажырлы еңбектің үлгісін көрсетті. Олар жұмыста уақытпен анаспай, еңбек өнімділігін еселеп олайтұда.

Колхозда егіс жеріне қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар жөніндегі план қазірдің өзінде толық брындалды. 1944 жылдың көктемгі егіс кезінде жұмысқа пайдаланылатын күш көбі түгел дерлік күтімге қойылды.

Б. БАЛАПАНОВ.

**Оқушылардың
іс үлгісі**

Көкшетау ауданындағы «Уялы» колхозындағы мектептің оқушылары колхоз жұмыстарына белсене атысып, өздерінің туыстарына көмек көрсетіп жүр. Олар оқушы Таалдинаның басқаруы мен аз уақыттың ішінде 300 гектар алаңға қарқынды, 2 центнер күл, 2 центнер ұс қыйын жыйнады.

ЕГІСКЕ ӘЗІРЛІК ҚЫЗУ

Чкалов ауданындағы «Жарғайын» ауылшаруашылық артели (председателі Естаев Жолдас) 1944 жылғы көктемгі егіске әзірлік жұмысын соғыс қарқынымен жүргізуде. Мұнда ауылшаруашылық құрал-саймандары мен әбзелдер толық ремонтталды. Ремонт сапасы ойдағыдай. Мұнда 300 гектар егіс алаңына қарқынды жұмыс жүргізіледі.

Б. ЕРДЕНОВА.

**ҚЛКЖС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҮІІ-ПЛЕНУМЫ**

Жуықта Қазақстан ҚЛКЖС Орталық Комитетінің кезекті VII-пленумы болып өтті. Пленум ауыл-село комсомол ұйымдарын ұйымдастыру және саяси жағынан нығайту жөнінде Солтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің істеген жұмысы туралы мәселе талқылады, республика комсомол ұйымдарының тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының ремонттына қатысу туралы ҚЛКЖС Орталық Комитетінің секретарі Якупов жолдасын баяндама ты мен Батыс Қазақстан облысы комсомол ұйымдарының мал шаруашылығын өркендетуісіне қатысуы туралы баяндама тыңдалды. Пленумның жұмысына ҚЛКЖС облыстық, аудандық комитеттерінің, МТС және колхоз бастауыш комсомол ұйымдарының секретарьлары мен әйелдерден құралған трактор бригадаларының таңдаулы бригадирлері және мал шаруашылығының алдыңғы қатарлы қызметкерлері қатысты.

Қазақстан ҚЛКЖС Орталық Комитетінің секретарі Якупов жолдас өзінің баяндамасында Қазақстанның комсомол ұйымдарының трактор мен ауылшаруашылық машиналарды, құрал-саймандар мен әбзелдер ремонттау жұмысына қатысуының тамаша фактілерін келтірді. Горький облысының трактористері мен Калинин облысы ремонтшыларының бастамасы бойынша тракторларды 1944 жылдың көктемгі егісіне үлгілі дайындау үшін Қазақстанда 536 комсомол жастар бригадалары социалистік жарысқа ұштасты. 500-тен аса бригада ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын ремонттап жүр. Мәселен, Қарағанды облысының әрбір МТСында 4—5 комсомол жастар бригадасы жұмыс істейді.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Келлер МТСның жас ремонтшылар коллективі зор табыстарға ие болды. Мұнда бастауыш комсомол ұйымының секретарі Губанова жолдасының инициативасы бойынша тракторларды ремонттау жөнінде гораптық 5 бригада және ауылшаруашылық құрал-саймандарын ремонттау жөнінде 2 бригада құрылды. Комсомол комитеті бұл бригадалардың жұмысын әр он күн сайын талқылап отырады. Жауынгерлік листок үздіксіз шығарылады. Листокта көктемгі егіске дайындық жөніндегі социалистік жарыста ие болған табыстар көрсетіледі. Келлер МТСның жас ремонтшылары қазірдің өзінде 29 трактор, 40 соқа және едәуір тұқым сепкіш ремонттады, олар 10 мың сомның қосалқы бөлшегін жасап шығарды, және қайта жаңғыртты. Мұнда мемлекет қаржысының 18 проценті үнемделді.

Қызылорда облысының комсомол ұйымдары трактор ремонттына белсене қатысуда. Облыстың барлық МТСтарында комсомол жастар бригадалары құрылды. Бұл бригадалар Қызыл Армияның 26 жылдығы хұрметіне социалистік жарысқа жапқай ұштасты. МТСтарға комсомолдардың ойдағыдай көмектесуі нәтижесінде бұл облыс трактор ремонттында алдыңғы қатарлыларға теңелді.

Республикамыздың комсомол ұйымдары қосалқы бөлшектер жинау, дайындау жөніндегі айлықты ойдағыдай өткізді. Өнеркәсіп орындарының комсомолдары мен жастары өздерінің негізгі жұмыстарынан

бос уақыттарында тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары үшін қосалқы бөлшектер дайындады. Алматы қаласындағы механика заводының жас жұмысшылары өздерінің қамқорлығындағы Нарынкөл МТСы үшін 300-ден аса әртүрлі әбзел дайындап берді. Олар темірдің, шойынның қалдықтары мен металл сынықтарынан бірсыпра қосалқы бөлшектер жасап шығарды. Қамқорлыққа алынған МТСқа ремонт бригадасы жіберілді. Мұнымен бірге, Якупов жолдас өнеркәсіп орындарының кейбір комсомол ұйымдарының тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын ремонттау ісіне әлі күнге дейін қатыспай отырғандығын атап көрсетті. Көптеген МТСдың, совхоздар мен колхоз комсомол ұйымдары трактор паркін ремонттау, запас бөлшектер дайындау және тракторларға керекті әбзелдер дайындау жұмыстарына тіпті қанағаттанғысыз қатысқан. Әсіресе Семей, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарының комсомол ұйымдары жұмысты тіпті нашар істеп отыр.

Республикамыз трактор ремонттында былтырғы жылмен салыстырғанда кейін қалды. Бұл жөнінде көптеген аудандық комсомол комитеттері мен кейбір облыстық комсомол комитеттері кінәлі. Өйткені олар комсомол ұйымдарын және барлық жастарды тракторлар мен ауылшаруашылық құрал-саймандарын ремонттауға жұмылдыра алмады, таңдаулы ремонтшылардың іс тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдырмады, көктемгі егіске неғұрлым үлгілі дайындалу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетіп білмеді.

Якупов жолдасының баяндамасын талқылағаннан кейін пленум қаулы қабылдады. Әрбір МТС пен совхозда 2—3 комсомол жастар бригадасын құруға, сөйтіп тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын ремонттау жөнінде олардың әр қайсысына майдандық тапсырма беру ұйғарылды. Әсіресе газогенератор тракторларын ремонттау және оларға хажетті отын дайындау жұмыстарына ерекше назар аударылуға тиіс. Көктемгі егіс жұмыстары басталғанға дейін республика қалаларының комсомолдары мен жастары тракторлар үшін 10 мың комплект әбзел дайындауға тиіс. Пленум комсомол ұйымдарына көктемгі егіске әзірлікті және ауылшаруашылық тіркеу саймандарының ремонтты өз қолдарына алуды жүктеді. Пленумның қаулысында ремонт жұмыстарында және қосалқы бөлшектер дайындауда жұмыс істеп жүрген жастардың арасында саяси-көпшілік жұмыстарының мейлінше кең өрісетуісіне аса көңіл бөлінді.

Пленум комсомол ұйымдарын трактор бригадаларын дер кезінде толықтыруда МТС, совхоз дирекцияларына нақтылы көмек көрсетуге міндеттеді.

Пленум комсомол ұйымдарына МТСтардың жанынан ашылған механика мектептері мен курстарға комсомолдар мен жастарды көп жіберіп, оларды 15 февральға дейін толықтыру ісін толық аяқтауды тапсырды.

Пленум күн тәртібіндегі барлық мәселелер жөнінде тиісті қаулы қабылдады.

**ИТАЛИЯДАҒЫ СОҒЫС
КҰЙМЫЛДАРЫ**

ЛОНДОН, 7 февраль. (ТАСС). Одақтастар әскерлерінің Италиядағы бас ставкасы, Американың 5-армиясының негізгі майданында Казино секторында қатты ұрыстар болып жатқандығын хабар етті. Қаланың солтүстік және батыс жағында одақтастар әскерлері алға басты. Анцио ауданындағы майданда 5-армияның американың және ағылшын бөлімдері дұшпанның күшті қарсы атакасын тойтарып, жаудан көптеген адамдарды қолға түсірді. Англияның 8-армиясының бөлімдері алға басып, Пинчоферрато және Монтенеродомо елді пункттерін (Қьети округының тауларында) алды.

Одақтастардың бомбалаушы авиациясы кеше дұшпанның Италиядағы соғыс объектілеріне атака жасады.

**ОДАҚТАСТАР АВИАЦИЯ
СЫҒЫН КҰЙМЫЛЫ**

ЛОНДОН, 6 февраль. (ТАСС). 6 февральға қараған түнде «Москито» бомбардировщиктерінің Берлин мен Батыс Германиядағы соғыс объектілеріне атака жасағандығы ресми түрде хабар етілді.

ЛОНДОН, 7 февраль. (ТАСС). 6 февральда күндіз Американың ауыр бомбардировщиктері құрамының германның Франциядағы аэродромдары мен Па-де-Кале ауданындағы соғыс объектілеріне шабуыл жасағандығы туралы Лондонда хабар жарияланды.

Американың орташа бомбардировщиктері Солтүстік Франциядағы аэродромдарға және басқа соғыс объектілеріне шабуыл жасады.

Екінші бір хабарда, 7 февральда одақтастар авиациясының Солтүстік Франциядағы бірсыпра объектілерге атака жасағандығы көрсетілді.

**АҚШТЫҢ ӨНДІРІС ПРОФСОЮЗДАРЫНЫҢ
КОНГРЕСІ РУЗВЕЛЬТТІҢ КАНДИДАТУРАСЫН
ҚОЛДАДЫ**

НЬЮ-ЙОРК. (ТАСС). Нью-Йоркте өндіріс профсоюздарының конгресі қатарына кіретін профсоюздар өкілдерінің митингісі болды, бұған 2 мың адам қатысты. Митингіге қатынасшылар Рузвельтті төртінші мерзімге президент етіп сайлауға шақырып қарар қабылдады.

**Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.**

«Ударник» кино-театрында бүгін және күн сайын «Т-9 сүңгуір қайығы» деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі. Сағаттар кешкі сағат 6-8-10 басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен ашық.

«Октябрь» кино театрында «Отаның игілігі үшін» деген көркем суретті фильм көрсетіледі. Сағаттар кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен ашық.

Петропавлдың Глазтабак конторына бухгалтерлер, шаруашылық бөлімін меңгерушілер, товзровед, жұмысшылар КЕРЕК. Еңбек ақы келісім бойынша. Адрес: Петровцев көшесі 59-үй.

Петропавл село-аудандық соғыс комиссиясында түпкілікті секретарь-машинист, КА КЕРЕК. Адрес: ой қала, Малая көшесі 10-үй.

Учкомбинаттың етік тігетін және бондарь неғы түрлі былғары заттарын тігу жөнінде заказ қабылдайды. Адрес: Совет көшесі 81-үй.